



«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ректоры
Ж.Темірбекова

«24» 09 2022 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

ҚҰРЫЛЫМ ЕРЕЖЕСІ
ҚЕ-УФ-009-2022

ТЕОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ҚҰРЫЛЫМ ЕРЕЖЕСІ

АЛҒЫ СӨЗ

1. «Теология» факультетімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер - Факультет деканы Д.Кенжетаяв
3. Келісілді
 - Академиялық мәселелер вице-ректоры
Э.Қ.Идрисова
 - Заң бөлімінің басшысы Г.Мұсаханов
 - Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы
Қ.Тубеков
 - Стратегиялық даму, рейтинг және сапа
орталығының басшысы Ж.Дарибаев
4. Енгізілді - 2022ж.
5. Тексерілу мерзімі - 2024 ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Түркістан

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ Сапа менеджменті басқармасы
ТЕКСЕРІЛДІ: «22» 01 2024 ж.
КЕЛЕСІ ТЕКСЕРУ: «22» 01 2024 ж.

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті
Сапа менеджменті жүйесі ЖҰМЫС ДАНАСЫ
№ 24 164 2022 ж.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ҚЕ-УФ-009-2020
Сапа менеджменті жүйесі	Құрылым ережесі	
Теология факультеті		6-беттің 2-ші беті

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Теология факультеті (бұдан былай - факультет) Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Теология факультетінің негізгі құрамындағы оқу-ғылыми және әкімшілік құрылымдық бөлімі, факультет төмендегі мамандықтар бойынша бакалавр және жоғарғы білімнен кейінгі мамандықтары бойынша мамандар дайындайды;

- 5B021100 – Теология
- 5B020600 – Дінтану
- 7M02262 – Теология (Магистратура)
- 7M02211 – Дінтану (Магистратура)

1.2 Факультет жоғарғы кәсіптік білім берудің мемлекеттік лицензиясы аясында бакалавр және жоғары білімнен кейінгі кәсіби мамандықтарына сәйкес осы қызмет саласындағы мемлекеттік лицензиясы бойынша оқытуды жүзеге асырады.

1.3. Факультет мамандықтар бойынша маман дайындауды жүзеге асыратын кафедраларды, оқу процесі мен ғылыми-зерттеу құрылымдарды біріктіреді.

1.4. Факультеттің белгіленген тәртіп бойынша мүліктері мен құрал-жабдықтары бар.

1.5 Факультет басшылығын факультет деканы жүзеге асырады. Факультет деканы тікелей университет ректорына, мамандандырылған қызметтеріне сәйкес салалық вице-ректорға бағынады.

1.6 Факультет деканы сайланбалы жүйеде немесе дербес еңбек шарты бойынша Академиялық мәселелер вице-ректоры келісімімен, университет ректорының бұйрығымен тағайындалады және қызметтен босатылады.

1.7 Факультет деканы қызметіне тағайындау және босату процесстерін Аттестациялық комиссияның қорытындысы негізінде Сенат шешеді. Ректор бұйрығымен бекітіледі.

1.8 Факультет деканы тікелей басшысының ауызша және жазбаша тапсырмаларын орындауға міндетті.

1.9 Ректор бұйрығымен декан қызметіне уақытша орындаушыны тағайындай алады.

1.10 Декан орнында болмаған жағдайда оның қызметі ректор бұйрығымен декан орынбасарына жүктеледі.

1.11 Факультет деканы өз қызметінде Қазақстан Республикасының құқықтық-нормативтік актілерін, сондай-ақ ҚР «Білім туралы», «Ғылым туралы» заңдарын, ҚР МЖМББС «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру» стандартын, «Жоғары және кәсіби білім берудің жалпы ережелерін», ҚР Білім және ғылым министрлігінің нормативті-құқықтық құжаттарын, ҚР әлеуметтік даму министрлігінің нормативтік-құқықтық құжаттарын, университет Жарғысын, университет Ректорының бұйрықтары мен өкімдерін, вице-ректорлар өкімдерін, нормативті басқару құжаттарын басшылыққа алады.

1.12 Факультет жұмысының нәтижесіне факультет деканы толығымен жауап береді.

2 ФАКУЛЬТЕТ ҚҰРЫЛЫМЫ

2.1 Кафедралар:

- Теология
- Дінтану

3 ФУНКЦИЯЛАРЫ

3.1 Кафедра меңгерушілеріне, ұжымға, факультет студенттеріне, магистранттарға әкімшілік басшылықты жүзеге асырады;

3.2 Бакалавриат және магистратура мамандықтары бойынша мамандар дайындайды.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ҚЕ-УФ-009-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Құрылым ережесі	
Теология факультеті		6 беттің 3-беті

3.3 Факультеттегі оқу, тәрбие, ғылыми жұмыстарға басшылық жасайды және олардың орындалуын бақылайды;

3.4 Факультеттің кадрлар саясатын айқындайды. Кафедра меңгерушілерімен бірлесіп профессор-оқытушыларды, ғылыми және көмекші оқу мамандарды іріктеуді жүзеге асырады;

3.5 Оқытудағы техникалық құралдарды пайдалана отырып, білім беруге инновациялық оқыту технологияларын енгізеді және оны құрылымдық бөлімдермен бірлесе отырып ұйымдастырады;

3.6 Жаңа оқыту технологияларын енгізуді және студенттердің, магистранттардың білімін бақылауды құрылымдық бөлімдермен бірлесе отырып жүзеге асырады;

3.7 Факультетте ОПҚ және студенттерді, магистранттарды көп тілде білім алуға дайындайды және ұйымдастырады;

3.8 Оқу үрдісінің, оқу және өндірістік практикалардың ұйымдастырылуын құрылымдық бөлімдермен бірлесе бақылайды және реттейді;

3.9 Студенттерді, магистранттарды курстан курсқа көшіруге ұсыныс дайындайды. Емтихан сессияларына жіберуге рұқсат береді. Емтиханды мерзімінен бұрын тапсыру, қайта тапсыру процедураларын жүргізеді;

3.10 Қажет жағдайда емтихандар мен сынақтарды қабылдау комиссиясын құрады;

3.11 Студенттерді, магистранттарды оқуға қабылдауға, оқудан шығаруға, ауыстыруға, қайта қабылдауды ұйымдастырады;

3.12 Бітірушілерді қорытынды аттестаттаудан өткізетін факультеттің мемлекеттік аттестаттау комиссиясының жұмысын ұйымдастырады;

3.13 Білім беру ұйымдарында білім алушылардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендиялар төлеу ережесіне сәйкес факультет студенттеріне, магистранттарына стипендия тағайындауды ұйымдастырады;

3.14 Кафедраларда, зертханаларда, студенттердің ғылыми үйірмелерінде, студенттердің ғылыми қоғамдарында өткізілетін, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына жалпы басшылықты жүзеге асырады;

3.15 Кафедрааралық оқу-әдістемелік жиындарды, семинарларды, ғылыми және ғылыми-әдістемелік жиналыстар мен конференцияларды құрылымдық бөлімдермен бірлесе ұйымдастырады және өткізеді;

3.16 Факультет мамандықтары бойынша білім беру саласында жұмыс істеп жүрген жоғарғы білімді мамандардың біліктілігін арттыру курстарын университет құрылымдық бөлімдермен бірлесе ұйымдастырады;

3.17 Факультет бітірушілеріне байланысты ақпарат жинайды, факультетте бітіретін мамандарды даярлау сапасын зерделеуді жүзеге асырады;

3.18 Бітіруші түлектер ассоциясын құру және оның жұмысын ұйымдастырады;

3.19 Факультет бітірушілерін жұмысқа орналастыру жұмыстарына басшылық жасайды және олар туралы есеп береді

3.20 Факультет мамандар дайындау бағыттары бойынша білім беру қызметінің нарығын зерделейді;

3.21 Кафедралардың ғылыми-әдістемелік жұмыстары бағытында университеттің басқа құрылымдық бөлімдерімен, оқу орындарымен, кәсіпорындармен, ұйымдармен байланысты жұмыс істеуін ұйымдастырады;

3.22 Факультеттің материалдық-техникалық базасын нығайтуға және дамытуға байланысты жұмыстарды жүргізеді;

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>ҚЕ-УФ-009-2022</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Құрылым ережесі	
Теология факультеті		6 беттің 4-беті

3.23 Факультетте Сапа менеджмент жүйесін жетілдіруді қамтамасыз етеді;

3.24 Факультеттің оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік жұмыстар бойынша өзінің жұмыстары туралы есептерін дайындайды;

3.25 Білім беру үрдісі ақпараттық жүйеде жақсарту мақсатында университет әкімшілігіне ұсыныстар жасайды;

3.26 Жыл қорытындысы бойынша нақты мәліметтер негізінде факультетке қарасты кафедралар қызметін толық талдау және олардың жылдық есебін өз мерзімінде әзірлеуді қамтамасыз ету;

3.27 Факультет қызметіне қатысты университет ректорының, вице-ректордың, департаменттер директорларының бұйрықтары мен өкімдерін, басқа да құжаттарын уақытылы жеткізуге және қызметкерлердің осы бұйрықтар мен өкімдерді орындалуын қадағалайды;

3.28 Кафедралардағы жас мамандардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүргізуіне жағдай жасау және ғылыми-педогогикалық біліктілігін көтеруге, жоспарын талдау мен орындауды жүзеге асыруды ұйымдастырады;

3.29 Студенттердің, магистранттардың қоғамдық қызметтерін жоспарлау және ұйымдастыру. Студенттердің, магистранттардың Қажетті тұрмыстық және демалу жағдайларын жасауға іс-шаралар жасайды.

4 ФАКУЛЬТЕТТІ БАСҚАРУ

4.1 Факультетінің әкімшілік басқаруын деканат атқарады.

4.2 Факультет деканының өкімдерді орындау бакалавриат және магистратура деңгейлері, «Дінтану», «Теология» білім беру бағдарламалары бойынша берілген тапсырымалар декан орынбасары арқылы жүргізіледі;

4.4 Факультеттегі тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру, кафедрадағы тәлімгерлер жұмысын үйлестру және студенттердің, магистранттардың мәдени-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыруды және басқаруды декан орынбасарлары атқарады.

4.5 Факультеттегі ОПҚ және білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ғылым департаментімен бірлесе декан орынбасарлары жүргізеді.

5 ФАКУЛЬТЕТТЕ АТҚАРЫЛАТЫН ЖҰМЫСТАР ТІЗІМІ

5.1 Факультетінде атқарылатын іс-құжат номенклатурасы «СМЖ. Факультеттер мен кафедраларда атқарылатын іс-құжат номенклатурасын жасау және қалыптастыру тәртібіне» сәйкес: 14 атаудан тұратын, міндетті құжаттар тізімі;

5.2 Факультет құжаттарының номенклатурасы белгіленген тәртіп бойынша қайта қаралады және қажеттілігінше толықтырылады.

6 ӘКІМШІЛІК ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫ БАҒЫНУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

6.1 Факультет өз қызметінде университет Ректорына бағынады;

6.1 Факультет оқу-әдістемелік қызметінде Академиялық мәселелер вице-ректорына бағынады;

6.2 Факультет тәрбие жұмыстарына байланысты әлекеттік-мәдени даму вице-ректорына есеп береді;

6.3 Факультеттің оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын Ғылым департаменттерімен бірлесе отырып жүргізеді;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ҚЕ-УФ-009-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Құрылым ережесі	
Теология факультеті		6 беттің 5-беті

6.4 Факультеттің шараушылық мәселелерін шараушылық және әлеуметтік ісі жөніндегі вице-ректор арқылы шешіп отырады;

6.5 Факультеттің сапа менеджмент жүйесін ендіру сапа менеджмент басқармасы арқылы үйлестіреді және қадағаланады;

6.6 Факультеттің кадрлар мәселесі факультет деканы, кафедра меңгерушілері және Академиялық мәселелер вице-ректоры келсімдері арқылы ректор бекітілуімен шешіледі.

7 ФАКУЛЬТЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ, ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖОЮ

7.1 Факультет сенат ұсынысы негізінде өкілетті кеңес шешімімен ұйымдастырылады, ректор бұйрығымен бекітіледі;

7.2 Факультеттің қосылу, бөліну, байланысу, ерекшелену, түрлену жолдары арқылы университет вице-ректорының ұсынысымен Сенат шешімімен қайта құралады және ректор бұйрығымен бекітіледі;

7.3 Факультет Сенат ұсынысы негізінде өкілетті кеңес шешімімен әрекеттегі заңдарға сәйкес университет ректоры бұйрығы негізінде өз жұмысын тоқтатады.

Теология факультетінің мәжілісінде қаралды және қабылданды.

Хаттама № 1 " 01 " 09 2021 ж.

КЕЛІСІЛДІ

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Заң бөлімінің басшысы

Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы

Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы

Э.Идрисова

Г.Мұсаханов

Қ.Тубеков

Ж.Дарибаев

